



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

## 2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Сигер Брабант, Роджер Бэкон  
және Дунс Скот





**Мақсат** – Орта ғасырдағы схоластикалық философияны, соның ішінде Сигер Брабант, Роджер Бэкон, Дунс Скот ілімдерін талдау.

**Жоспар**

Акуинолық Томасты канонизациялау.  
Сигер Брабант.  
Роджер Бэкон.  
Дунс Скот.

**Түйін сөздер**

Канонизация, «actus», «objectum», «habitus», латын аввероизмі, scientia experimentalis, «да-нышпан доктор».

1316 жылы XXII Иоанн Папа Акуинолық Томасты канонизациялау (яғни шіркеу әулиелерінің қатарына қосу) ісін қолға алды. Ол кезеңде Томас жасаған ғажайыптар туралы нанымды әңгімелер табу қиын еді. Бірақ канонизация жалғасты. Бізге Рим Папасының «Теология Суммасындағы» бап секілді ғажайыптар көп» деген сөзі жетті, соның нәтижесінде 1323 жылы Томас «Әулие» деп жарияланды.

1325 жылы Париж университеті оның жұмыстарын айыптаған құжаттарды қайтарып алды. Алайда Оксфорд университеті оны канонизациялау туралы ешқандай академиялық хабарлама жасамады. Орта ғасырларда Акуинолық Томастың өзі мүше болған орденнің ішінде болмаса, оның сыртында аса танымал католик дін мамандарының арасында айтарлықтай беделі болмады. Көпшілік оны тек XX ғасырда мойындады. Тренттік шіркеу жиыны кезінде Сумма Инжілмен қатар қойылды. Ол 1879 жылы XIII Лео Папаның Aeterni Patris деп аталатын энцикликасынан кейін Акуинолық Томастың ортағасырлық схоластикасы Рим-католиктік шіркеуінің ресми философиясы болып жарияланды.

Акуинолық Томастың еңбектерін оқушылардың барлығы Лео Папаға қарыздар. Папаның энцикликасы Томастың «Теология суммасы» және ғылыми басқа еңбектердің басылып шығуына зор ықпалын тигізді. Бірақ оның ілімін шіркеудің ресми философиясы ретінде дамытудың кері әсері де болды. Осыдан кейін католик емес философтар Әулие Томас жайлы зерттеулерінен бас тартты. Ендігі жерде олар оны нақты шіркеулік жүйенің қарапайым өкілі ретінде қарастыра бастады. 1914 жылы X Пий католиктік мекемелерде сабақ беру үшін Томас философиясының жиырма төрт тезисін бөліп шығарған кезде мәселе ушыға түсті.

Бертран Рассел «Батыс философиясының тарихында» Акуинолық Томасты канонизациялауға ақсүйектердің тигізген ықпалын жалпы баяндап жазды: «Акуинолық Томасқа нағыз философиялық рух жетіспеді, ол қанша тырысса да, Сократ сияқты дәлелдерді ұсына алмады. Себебі ол алдын ала ақиқатты білді, ол католик сенімінің ақиқаты еді. Алдын ала жасалған қорытындының дәлелін табу – философия емес, ерекше сенім». (Біз осы мәселе туралы алдыңғы дәрісте айтқан болатынбыз).

Бертран Расселдің Акуинолық Томасты бұлайша сын тезіне алуына жауап қайтарған Кенни өз сенімін негіздеу мақсатында орынды себептер іздеу философ үшін соншалықты айып емес деп санайды. Декарт ошақтың жанында отырып, шапанын киіп алып, өзінің жасаған дүниелерін бағалау үшін дәлелдер іздеген екен. Оларды табуға көп уақыт қажет болды. Рассел де өз сенімдеріне дәлел табу үшін көп уақыт жұмсады. Оның «Principia Mathematica» еңбегінің жүздеген беті «1-ге 1-ді қоссаң 2 шығатынын» дәлелдеуге арналған, – деп мысқылдайды Кенни. Бұл жағдайда философтың өзінің сенімді ой-тұжырымдарына немесе нақты бір ұйғарымға қалай келгенін емес, оның ойлау өрісіне, ұйғарымның негізді, негізсіздігіне ғана қатысты пікір білдіре аламыз, – деп жалғастырады Кенни. Акуинолық Томасқа деген өшпенділік оның католицизмдегі ресми жағдайымен байланысты болмағанын өзге философтар жақсы түсінеді. Католиктік емес ортада XIII Лео мен X Пийдің ықпалымен жүзеге асырылған жұмыстар Томастың философиялық беделіне нұқсан келтіру мақсатында жасалды. Томасқа шіркеу тарапынан көрсетіліп тұратын ресми құрметтер, оның философиялық білімін дұрыс бағалағаннан гөрі жасандылыққа көбірек ұқсайды. XIII Лео енгізген томизм семинарлары мен университеттердегі оқулар Әулиенің мәтінін оқып түсіну үшін емес, оқу құралдарын жариялау үшін ғана енгізілді.



Әулие Томас екінші Ватикан соборының дәуірінен бастап шіркеулік ортадағы бұрынғы беделі мен мүмкіндіктерінен айырылды. Оның еңбектері оқу материалдарының тізімінен өте сирек ұшыраса бастады және еңбектерінің орнын кейіннен басқа жас авторлардың еңбектері басты. Тағы бір айта кетерлік жайт, Әулие еңбектерінің әлемнің түкпір-түкпіріндегі зайырлы университеттерде қайта бағалануы – оның католицизмдегі беделін әлсіретті.

Акуинолық Томасқа қайта қызығушылық таныту оның еңбектерін ертедегі конфессиялық ілімнің бастапқы кезеңін оқып түсінуден гөрі, күрделі сыни талдау үшін қажет болады. Оны түсіндіру мүмкіндігі Томас мұрасының табиғатынан туындайды. Әулиенің еңбектері өте ауқымды – 8 миллионнан аса сөзден тұрады. Сондықтан, оның сақталған мұрасының аз ғана бөлігіне зерттеу жүргізілуі мүмкін. Егер «Сумманың» бір ғана бөлігін талдамақ болсақ, онда келтірілетін үзінділердің басқа еңбектердің қай үзінділеріне сай келетінін айқындауға мәжбүр боламыз. Әрине, қазір оның еңбектерін компьютер көмегімен талдау мүмкіндігі де артты.

Екіншіден, Акуинолық Томастың латын тілінде жарияланған еңбектері түсінікті болса да даулы және олардың ағылшын тіліндегі аудармасында артық-ауыз сөз аз. Томастың латынша терминдерінің ағылшынша баламалары бар. Олар қазіргі заманғы философияның жалпы терминдері деуге болады. Бірақ латынша терминдер мен олардың ағылшынша баламаларының мәндерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ағылшын сөздері жүзжылдық тәуелсіз тарихтың нәтижесінде ғана емес, сол кездегі латын сөздері мен олардың философиялық қолданысы Акуинолық Томастың іліміне кереғар теориялардың дамыған кезеңінде енген. Болжамдарға өте мұқият қарауымыз керек. Мысалы, латынша «actus» немесе «objectum» немесе «habitus» деген сөздерді қолдануда аса сақ болуымыз керек, – деп ескертеді Кенни.

Үшіншіден, Платон немесе Аристотель сынды авторлардың еңбектерін зерттегенде, аудармашы философияны көркем тілмен, суретті сөзбен берген тұстары мен нақты мысалдарын топтап, сөздердің қосмағыналылығының ара-жігін ажырата білуі керек. Бірақ, Томас өзге ортағасырлық әйгілі схоластар сияқты көрнекі мысалдарды келтіруге онша бейім емес. Келтірсе де, бұрын айтылған мысалдар мен жиі қолданылатын тіркестерді қайталайды. Сондықтан, қазіргі заманғы оқырманға мәтінді жеткізу үшін түсініктеме беруші өз мысалдарын келтіруі керек. Ал мысалдарды таңдау мен түсіндірудің өзі бұл орайда маңызды мәселелерді қозғауды қажет етеді.

Томастың данышпандығын жоғары бағалайтын кез келген табынушысы, оның еңбектерін қазіргі заманғы аудиторияға тек жақсы жағынан ұсынғысы келеді. Аудармашы үшін Акуинолықты жақсы жағынан көрсету дегеніміз не? Бұл оның Томастың философиясында нені маңызды деп санайтындығына байланысты. Сонымен қатар, Томас ойларының екі жақты сипат алып кетуінің негізінде оның еңбектеріне түсіндірме берушілердің көзқарастары арасындағы философиялық келіспеушіліктер жатыр. Томас христиандық пен аристотелизмді ұштастырған адам ретінде белгілі. Алайда алдағы тараулардан оның еңбектеріндегі платонизм элементтері өте көп екенін аңғарамыз. Қазіргі заманғы түсіндірмешілердің көбі Томастың еңбектеріндегі аристотелизмнің көрінісі басым екенін мойындайды, яғни ондағы платонизм ықпалдарын жоққа шығарады. Ал Томастың платонизмін жақтаушылар ондағы аристотелизмге қарсы. Мұның себебі теологияда: мұндай тәсіл жан тәннің өліміне күйзеледі, періштелер – мінсіз жаратылыстар, құдай – ақиқат сияқты мәселелерге байланысты доктринаны қабылдауды жеңілдетеді. Шындығында, Томастың өзі жер бетінде – Аристотель ілімін, ал аспанда Платон көзқарасын ұстанушы болды, – деп есептейді Кенни.

Акуинолық Томастың еңбектеріне жазылған түсіндірмелердің әртүрлілігін тарихқа қарағанда, философияға ден қойғандар көбірек мойындайды. Томас өзіне дейінгі философтардың еңбектерін тым жұмсақ сынайды. Қате көзқарастардың кемшін тұсын көрсетудің орнына, олардан көбінесе тарихи ықтималдық шеңберінен шығып кететін «сапалы интерпретациялар» шығаруға ұмтылады. Томастың грек, еврей және мұсылман мәтіндерімен таныс болуы ізбасарларына оның еңбектерінің бір-бірінен алшақ әртүрлі түсіндірмелер беруіне мүмкіндік берді және оның ізімен философиялық ақиқатқа экумендік ұмтылыс жасауға шақырады.

Акуинолық Томас өмірінің соңында Париж университетінің гуманитарлық ғылымдар факультетінде аристотельшіліктің радикалды формаларымен күресуге көп күш салды. Бұл философтар әлем қашан да болған және барлық адамға ортақ бір ғана интеллект болады деп есептейді. Алғашқы пайымдау, күмәнсіз, Аристотельдің космологиясының ең бір іргелі бөлігі



болды. Ал кейінгісі, оның ең беделді түсіндірмешісі ибн Рушд тұжырымдаған «психологиялық түсіндіру ілімі» болатын. Сол себепті бұл мектепті «латын аверроизмі» деп те жиі атайды. Оның көрнекті өкілдерінің бірі – Сигер Брабант (1235–1282) болды. Бұл париждік схоластарға тән ілімді жарату мен адам жанының болашақ өмірі хақындағы христиандық доктринамен ымырластыру қиын болды. Тіпті олардың кейбірі Аристотельдің ілімін ешбір өзгеріссіз жеткізудеміз деп сендірді. Сигер болса сенімнің теріс түсіндіретініне қарамастан, Аристотель мен ибн Рушдтың кейбір идеяларын философияда дәлелдеуге болады деп үйретті.

1270 жылы Париждің архиепископы «Барлық адамның интеллектісі бірдей және бірегей» және «Ешқашан алғашқы адам болмаған» деген сөйлемдерден басталатын он үш доктринадан тұратын тізімді айыптады. Расында бұл айыптау доктор Сигерді жоққа шығару үшін Томас жазған екі монографияның нәтижесінен туындаған еді. Бірақ олардың арасында болған дауға қарамастан, бұл екі ойшылдың есімі олардың кейінгі замандастарының ой-пікірлерінде жиі қатар аталады. Бір жағынан, 1277 жылы Париж бен Оксфордта Сигер мен Томастың тезистері де қамтылған ілімдер айыпталды. Ал екінші жағынан алғанда, Данте олардың екеуін жәннаттағы көршілер деп бағалады. Ол Әулие Томасты терең ойға шомған Сигерге ой дүниесінің тереңдігінен сәуле шашқан мәңгі жарық нұрға мадақ айтуға мәжбүрлейді. Бұл мадақ оның еңбектеріне түсіндірме берушілерді абдыратып қойды; алайда Дантенің Сигерді пұтқа табынушы мен мұсылман ойшылдарының томастық синтезге қосқан үлесін бағалаған христиандық ойшыл деп қарауы мүмкін.

Данте кәсіби маман болмаса да, философияны терең түсінді. Оның «Құдіретті комедиясы» көбінесе көркем жолмен баяндалған схоластық доктринаны білдіреді. Дантенің философияға қосқан ең маңызды үлесі – «Монархия туралы» кітабы болды. Мұнда ол «адамның интеллектуалды дамуына бейбіт заман, үнемі ұлттық бәсекелестік негізінде және ұлттық биліктен жоғары тұратын биліктің жетекшілігімен ғана қол жеткізуге болады деп тұжырымдайды. Оның ойынша, бұл жетекшілікті Рим Папасы емес, Қасиетті Рим империясының императоры жүзеге асыруы тиіс.

Дантенің жас замандасы Роджер Бэкон болды. Ол Сигерден он жыл ұзақ өмір сүрді. Роджер Бэкон шамамен 1210 жылы Илчестерде дүниеге келген. Оксфорд университетінің гуманитарлық ғылымдар факультетінде оқыды. 1247 жылға дейін сонда сабақ берді. Содан соң Парижге қоныс аударды да францискалық орденге мүше болды. Париж университетін аса ұната қоймаған ол, Париждік докторлар Гэльстік Александр мен Ұлы Альбертті өзінің оксфордтық ұстазы Роберт Гроссетестпен салыстырды. Салыстыру париждік ғалымдардың пайдасына шешілмеді. Ол еңбектеріне сүйсінген жалғыз париждік доктор Пьер Пелерен де Марикур болды. Роджер Бэкон ғылыми зерттеулердегі эксперименттің маңыздылығы туралы айтады. Сондай-ақ «Математика – философиядағы айқындылықтың есігі мен кілті» деген ұстанымды дәлелдеді. Белгісіз себептерге байланысты, 1257 жылы францискалық орден басшылығы оған дәріс оқуға тыйым салды. Бірақ, еңбек жазуды жалғастыруға рұқсат берді. 1266 жылы Папа IV Климент оның туындыларымен танысуға ықылас білдірді. Алайда Папа IV Климент оның еңбектерін оқып бітірместен қайтыс болды. 1278 жылы Бэкон астрологияға деген күпірлік көзқарасы үшін айыпталып, қалған өмірінің көп бөлігін түрмеде өткізді. 1292 жылы қайтыс болды.

Роджер Бэкон XVII ғасырдағы аттасы Фрэнсис Бэконның философиядағы тәжірибелік рөлінің мәнін ашуға қатысты зерттеулердің ізашары болып саналады. Роджер «Opus maius» деп аталатын негізгі туындысында, Фрэнсис секілді, билікке бас ұру, соқыр әдет, халықтың жалған наным-сенімдері және жасанды данышпандық сияқты қателіктердің бастауларын талдайды. Оның ойынша, ғылыми-зерттеуге кірісердің алдында орындалуы керек екі негізгі шарт бар. Оның біреуі – ежелгі тілдерді меңгеру. Себебі Аристотель еңбектері мен Инжілдің қазіргі заманғы латын аудармалары толық емес, әрі түсініксіз. Екіншісі – математиканы жақсы білу. Онсыз астрономия секілді ғылым салаларында еш нәрсеге қол жеткізу мүмкін емес. Бэконның ғылымдағы өзіндік үлесі – оптикаға назар аударуында. Соған байланысты ол Гроссетесттің бірнеше көзқарасын ұстанды. Шындығында, ол телескопты ойлап тапқан тұңғыш ғалым болып есептеледі.

Бэкон ерекше ғылымның түрін бөліп көрсетті. Ол: «Scientia experimentalis деп аталған априори дәлелдеме бізді дұрыс қорытындыға әкеледі», – дейді, – бірақ оның дұрыстығын тек тәжірибе жүзінде ғана анықтай аламыз. Аристотельдің физикасынан оттың күйдіргіш қасиеті туралы



біле аламыз, бірақ күйіп көрген бала ғана оттан қорқады. Алайда Бэкон түсті металдардың алхимиялық трансмутация арқылы алтынға айналу мүмкін екеніне сенді. Ғылыми-зерттеулердің артықшылығының бірі ретінде ғажайыптар жасау мен болашақты жорамалдау мүмкіндігін де қарастырды. Ол ғылым мен сиқыр арасын айырып алды. Сиқыр туралы түсініктен қалыптасқан жалған қағидаларды жоққа шығару ғылыммен айналысудың негізі деп есептеді. Бірақ оны ғылым мен мистика арасындағы қақтығыстың қаһарманы деуден гөрі, философиядағы діни көріністер мен таңғаларлық сиқырлы жағдайларға жүргізілген «тәжірибеге» көп көңіл бөлуші ретінде құрметтегеніміз жөн.

Роджер Бэкон – XIII–XIV ғасырларда Оксфорд университетін гүлдендірген әйгілі үш францискалық ойшылдардың бірі. Бұдан басқа екі ойшыл – Иоанн Дунс Скот пен Уильям Оккам. Бұл үш ғалым бір біріне мүлдем ұқсамайды. Сондықтан, Оксфордты францискалық ой мектебі нақты мекені деп ойлау тіпті қате болар еді. Бұл үшеуінің атағы мен ықпалы Оксфорд пен Англиядан өзге алыс аймақтарға да таралды.

Әйгілі философтардың қай-қайсысынан да Иоанн Дунс Скоттың ойшылдығы басым түсті. Оның өмірі туралы мәліметтер аз. Тіпті оның бізге белгілі өмірбаяны түгел дерлік болжам деуге болады. Оның өмірінің кез келген сипаттамасы тек тарихтағы төрт оқиғаға негізделуі қажет, себебі олардың құжаттық дәлелдері бар: 1291 жылы 17 наурызда Нортгемптонда дін қызметші болды; 1300 жылдың 26 шілдесінде францискалық монах бола тұра, ғибадатқа рұқсат ала алмаған соң, Оксфордта болған; 1304 жылы 18 қарашада францискалық орден басшысы оны Париждегі орден басшысы қызметіне бекітті; 1308 жылдың 30 ақпанында Кельнде теологиядан дәріс оқыды. Тіпті оның қайтқан күні де белгісіз; деректерде ол 1308 жылдың 8 қарашасында дүние салған деп көрсетіліп жүр.

Осы үзінді мәліметтерге сүйеніп, ғалымдар оның өмірбаянының жалпы нобайын құрды. Бізге белгілі дүниенің барлығы болжам негізінде бірнеше қайтара жазылған мәтіндер болуы мүмкін. Иоанн Скот шамамен 1266 жылдың басында Дунса қаласында дүниеге келген. 1280 жылдары Оксфордқа жіберілді. Мұнда ол шамамен жетпіс оқушы білім алып жатқан «Сұр бауырлардың» францискалық үйінде философияны оқыды. 1288 жылы Скот университетте теологияны оқи бастады. Курс он үш жылға созылып, соңғы үш жылы міндетті дәрістерді оқумен аяқталды. Дәрістің екеуі Ломбардтық Петрдің «Сентенциялары» бойынша, ал біреуі Інжіл бойынша жүргізілген болатын. 1300–1301 жылдары ол теология бакалавры дәрежесін алды. Бұл қазіргі профессор ассистентіне тең мәртебе еді.

Францискалық үкімет белгісіз себептерге байланысты Скотты Оксфорд докторантурасына қалдырудың орнына, Парижге бакалавр ретінде жіберуді дұрыс деп шешті. Мұның себебі – оның баға жетпес ұстаздық дарыны сол уақыттың ең беделді университетіне қызмет етуі керек болғаннан болар. Алайда Париждегі францискалық монастырьде, Гэльстік Александр мен Бонавентураның үйіндегі жағдай ушығып тұрды. Скот «Сентенциялар» бойынша бір жыл дәріс оқығаннан кейін, сексен монахпен бірге, IV Филипп пен VIII Бонифаций арасындағы дауда Папаны жақтағаны үшін Франциядан қуылды. Өмірінің соңғы жылын Кельнде өткізді. Сонда қайтыс болып, «Шотландия мені өмірге әкелді, Англия мені оқытты, Франция мені қарсы алды, Кельн мені жерледі» деген эпитафиямен францискалық шіркеуде жерленді.

Скоттың шығармаларының көптеген қолжазбалары біздің заманымызға жетті. Бірақ олардың мән-мағынасы мен жазылу реті оның өмірбаянының біз білмейтін жәй-жапсарлары секілді жұмбақ. Жиналған еңбектерін оның ізбасарлары өңдеп, олар 1639 жылы он екі том болып жарияланды. Скоттың еңбектерін түсіну оңай емес. Әйтсе де, ол – ең озық ойлы философтардың қатарына жататын, «данышпан доктор» атағына әбден лайық тұлға, – деп есептейді Кенни.

Скот көптеген негізгі сұрақтар бойынша Акуинолық Томастың ойларымен келіспеген. Скот «болмыс» ұғымы мен басқа да қолданыстағы әмбебап ұғымдар бойынша аристотельдік дәстүрден бас тартып, «жақсы» ұғымы басқа ұғымдардан айырмашылығы жоқ Құдайға қатысты мағынасында да қолданылатынын айтқан. Дунс Скот метафизиканы – болмыстың біртекті мағынасы мен оның негізгі қасиеттерін зерттейтін ғылым деп есептеді. Әлемнің жаратылу мәселесін Дунс Скот құдай ойының объектісі болып табылатын универсалиялардың кішірейтілген болмысынан жеке адамдардың шынайы болмысына қарай ауысуы деп түсіндірді. Осылайша, алғаш рет платондық-аристотельдік философия дәстүріне сай, индивидтің іргелі





онтологиялық даралық дәрежесін күшейтеді. Дунс Скоттың айтуы бойынша дара адам түрлік немесе рулық мәніне қарағанда, онтологиялық тұрғыдан одан да жоғары жетілген. Индивидтің құндылығын растау адамның тұлғалық құндылығын нығайтуға әкеледі. Бұл христиан рухындағы діни ілімге сай келген еді. Дунс Скот доктринасының басты мағынасы, міне осында жатыр.

Дунс Скоттың философиядағы маңызды рөлі оның өз мектебін қалыптастыруына байланысты емес. Қазірдің өзінде Скоттың көзқарасын жақтаушыларды кездестіруге болады. Себебі ол философиялық мәселелерді жаңаша сипатта қарастырды. Скоттың еңбектерімен мүлде таныс емес буынның ойшылдары оның канондарын кездестіргенде оларды шүбәсіз принциптер есебінде қабылдай бастайды. Мартин Лютер мен Жан Кальвин және олардың католик қарсыластарының арасындағы реформалық даулар Скоттың іргелі болжамдарына сай болды. Декарттың қазіргі заманғы философияның негізін қалауына түрткі болған бастаулар 1300 жылдары Оксфордта қалыптасқан болатын. Акуинолық Томастың «Теология суммасы» мен Скоттың дәрістері арасындағы ширек ғасыр – философия тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі.

Скоттың еңбектері кәсіби орталарда ғана оқылады. Өйткені ол философтың философы. Оның данышпандығын ерекше бағалағандардың бірі – викториандық ақын Джерард Мэнли Хопкинс болды. Ол Скотты Акуинолық Томастан, Платон мен Аристотельден де жоғары қойып, мадақтайды.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінде баяндалған Сигер Брабант, Роджер Бэкон, Дунс Скоттың ілімін қарастырдық. Келесі дәрісімізді Уильям Оккам, Оксфорд калькуляторлары және Джон Уиклифке арнайтын боламыз.

#### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Акуинолық Томасты шіркеу Әулиелерінің қатарына қосу неліктен ұзақ жылдарға созылды?
2. Энтони Кеннидің Акуинолық Томас ілімін сынаған Бертран Расселмен келіспеушілігінің мәнісі неде?
3. Философия тарихындағы Акуинолық Томастың іліміне деген жаңа қызығушылық несімен ерекшеленеді?
4. «Латын аверроизмі» өкілдері деген кімдер және олардың ілімінің мәні неде?
5. «Математика философиядағы айқындылықтың «есігі мен кілті» деген нақыл сөзді қалай түсінесіз?
6. Роджер Бэкон нені ғылыми зерттеулердің алғышарты ретінде қарастырады?
7. Не себепті Иоанн Дунс Скотты «данышпан доктор» деп атайды?

#### Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. <https://iphlib.ru/greenstone3/library/collection/newphilenc/document/HASH8353b6e37d30f7c5402683>